

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 189-V ҚРЗ

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат;

№ 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 2, 10, 11-құжаттар; 2014 жылғы 22 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 15 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) м а з м ұ н ы н д а :

мынадай мазмұндағы 221-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«221-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы аттестатталатын жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу» ;

312-1-баптың тақырыбы алып тасталсын;

313-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«313-бап. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін жарылу-өрт қаупі және өрт қаупі бар өнімді шығару және өткізу»;

355-баптың тақырыбындағы «органдарының», «қызметінің», «полициясының», «органының» және «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «органдары», «қызметі», «полиция», «органы» және «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

504-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«504-бап. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік)»;

544-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 544-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«544-1-бап. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган»;

553 және 553-1-баптардың тақырыптары алып тасталсын;

2) 221-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«221-бап. Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі қағидаларды бұзу

1. Өнеркәсіп, тау-кен және құрылыс жұмыстары салаларында не азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бақылауындағы объектілерде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі

белгіленген қағидаларды бұзу, егер бұл абайсызда адам денсаулығына ауыр немесе ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқпаса - жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) - жеке тұлғаларға – жиырма, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. » ;

3) мынадай мазмұндағы 221-1-баппен толықтырылсын:

**«221-1-бап. Өнеркәсіптік қауіпсіздік және бөгеттердің
қауіпсіздігі саласындағы аттестатталатын
жұмыс түрлерін жүргізу кезінде Қазақстан
Республикасының заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптамалық қорытындылар беру, өнеркәсіптік қауіпсіздік декларациясын әзірлеу, қауіпті өндірістік объектілердің мамандарын, жұмыскерлерін даярлаудың, қайта даярлаудың Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі немесе Қазақстан Республикасының су заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы толық емес және (немесе) анық емес ақпаратты қамтитын сараптамалық қорытындылар беру, бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу - аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік), сондай-ақ өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына арналған аттестатта көрсетілген, орындалатын жұмыстар бейінінің сәйкес келмеуі - аттестаттан айыра отырып, аттестатталған ұйымға айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

4) 312-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«312-бап. Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзу немесе орындамау

1. Ұйымдарда, қоғамдық орындарда, қойма үй-жайларында, жатақханаларда және тұрғын үйлерде ғимараттар мен құрылыстарды жобалау, салу кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларында, техникалық регламенттерде, құрылыс нормалары мен қағидаларында, мемлекеттік стандарттарда көзделген өртке қарсы талаптарды, сондай-ақ өрт сөндіру техникасын, өртке қарсы құрал-сайманды, жабдықты, өртті табу мен сөндірудің автоматты құралдарын, өртке қарсы автоматиканы пайдалану мен күтіп-ұстау қағидаларын бұзу немесе орындамау -

жеке тұлғаларға – үш, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жиырма бес, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет -

жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын, орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

5) 312-1-бап алып тасталсын;

б) 313-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«313-бап. Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін жарылу-өрт қаупі және өрт қаупі бар өнімді шығару және өткізу

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келмейтін жарылу-өрт қаупі және өрт қаупі бар өнімді шығару және өткізу, егер бұл абайсызда денсаулыққа ауыр немесе ауырлығы орташа зиян және (немесе) жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға не мемлекетке ірі көлемде нұқсан келтіруге әкеп соқпаса -

лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің отыздан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпістен бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы Кодекстің осы бабына қатысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кездегі бір жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сома ірі көлемдегі нұқсан деп танылады.» ;

7) 355-бапта :

тақырыбындағы «органдарының», «қызметінің», «полициясының» «органының» және «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «органдары», «қызметі», «полиция», «органы» және «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы «органдарының», «қызметінің», «полицияның» және «органының» және «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «органдары», «қызметі», «полиция», «органы» және «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші абзацындағы «, қаржы және әскери полиция органдарының», «қызметінің», «органының» және «мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «органдары, қаржы және әскери полиция», «қызметі», «органы» және «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 504-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«504-бап. Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік)

Азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына әкеп соққан құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздік) -

азаматтарға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

9) 541-баптың бірінші бөлігіндегі «312-1,» деген цифрлар алып тасталсын;

10) 544-бап алып тасталсын;

11) мынадай мазмұндағы 544-1-баппен толықтырылсын:

«544-1-бап. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган

1. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган: осы Кодекстің 231 (бірінші бөлігінде), 249, 277, 284, 312, 313, 334 (бірінші және екінші бөліктерінде), 460-баптарында көзделген өрт қауіпсіздігі саласындағы; осы Кодекстің 89, 175 (екінші бөлігінде) (қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілердің иелері жасаған құқық бұзушылықтар бөлігінде), 220, 221 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 221-1 (бөгеттердің қауіпсіздігін қоспағанда), 270, 271, 272 (техникалық қауіпсіздік бөлігінде), 357-2 (бірінші бөлігінде)-баптарында көзделген өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы ;

осы Кодекстің 504-бабында көзделген азаматтық қорғаныс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды.

2. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан өрт қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға :

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға жиырма беске дейінгі мөлшерінде

а й ы п п ұ л

с а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға – елуге дейінгі, заңды тұлғаларға бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі, лауазымды адамдарға – төрт жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

3. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі, лауазымды адамдарға елуге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға екі жүзге дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі, лауазымды адамдарға – бір жүзге дейінгі, заңды тұлғаларға бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.

4. Азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның атынан азаматтық қорғаныс іс-шараларының орындалмауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға:

1) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі, лауазымды адамдарға онға дейінгі мөлшерінде а й ы п п ұ л с а л у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік

бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің қырыққа дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға;

3) Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасары – жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға және заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға құқылы.»;

12) 553 және 553-1-баптар алып тасталсын;

13) 561-баптың бірінші бөлігі «124 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «221 (бөгеттердің қауіпсіздігі бөлігінде), 221-1 (бөгеттердің қауіпсіздігі бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

14) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында: үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның (225-1 (газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің күзет аймақтарындағы бұзушылықтар бойынша), 226 (үшінші – бесінші бөліктері), 228, 229, 231 (екінші бөлігі), 233, 314, 317-1 (өрт және жарылу қаупі бөлігінде машиналар мен жабдыққа, химиялық өнімдерге қойылатын қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар бойынша), 355, 356-баптар);»;

жиырма төртінші абзац алып тасталсын;

елу бірінші абзацтағы «312,» деген цифрлар алып тасталсын.

2. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 16, 140-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 16, 97-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 3, 27-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75 - құжат) :

1) мазмұнында :

64-баптың тақырыбы алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 65-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«65-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің орман қорын күзетуге қатысуы»;

66-баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«66-бап. Өртке қарсы ерікті құралымдардың орман қорын күзетуге қатысуы»;

2) 15-баптың 5) тармақшасындағы «заңдарына сәйкес, қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерінің» деген сөздер «заңнамасына сәйкес өртке қарсы ерікті құралымдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 64-бап алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 65-1-баппен толықтырылсын:

«65-1-бап. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің орман қорын күзетуге қатысуы

Мемлекеттік өртке қарсы қызметті ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібі азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның уәкілетті органмен және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен жасалған келісімімен регламенттеледі.»;

5) 66-баптың тақырыбындағы және мәтініндегі «Қоғамдық өрт қауіпсіздігі бірлестіктерінің», «мен сөндіруге қоғамдық өрт қауіпсіздігі бірлестіктері» және «Қоғамдық өрт қауіпсіздігі бірлестіктерін құру мен олардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына» деген сөздер тиісінше «Өртке қарсы ерікті құралымдардың», «және оларды сөндіруге өртке қарсы ерікті құралымдар» және «Өртке қарсы ерікті құралымдарды құру және олардың жұмыс істеуі Қазақстан Республикасының заңнамасына» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 68-баптың үшінші бөлігіндегі «қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерін» деген сөздер «өртке қарсы ерікті құралымдарды» деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 17, 141-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 18-құжат; № 19, 147-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 129-құжат; 2009 ж., № 2-3, 15-құжат; № 15-16, 76-құжат; № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 14, 92-құжат, № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 79, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2

10 - құжат) :

1) 1-бап мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2) және 4-3) тармақшалармен толықтырылсын :

«4-1) бөгет – судың деңгейін көтеру және (немесе) су қоймасын жасау үшін ағын судағы тежеуіш гидротехникалық құрылыс;

4-2) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына ұйымдарды аттестаттау – заңды тұлғаның бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды орындауға құқықтылығын уәкілетті органның ресми тануы;

4-3) бөгеттің қауіпсіздігі – бөгеттің апаттық бұзылудан қорғалу жай-күйі;»;

2) 10-баптың 1, 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының су заңнамасы су қорын пайдалану мен қорғау, су қорын және су шаруашылығы жүйелерін басқару, сумен жабдықтау және су бұру, бөгеттердің қауіпсіздігі, гидромелиорациялық жұмыстарды жүргізу саласындағы

қатынастарды және өзге де су қатынастарын реттейді.»;

«4. Жер қойнауын геологиялық зерттеу, барлау және кешенді игеру, жерасты сулары мен жерасты құрылыстарын судың зиянды әсерінен қорғау саласында туындайтын қатынастар жер қойнауы режиміне бағындырылады және осы Кодекстің 66-бабының 3 және 4-тармақтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану саласындағы, азаматтық қорғау туралы тиісті заңнамасымен реттеледі.

5. Бөгеттердің қауіпсіздігіне байланысты мәселелерді қоспағанда, су объектілеріндегі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасымен реттеледі.»;

3) 32-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«32-бап. Су шаруашылығы құрылыстары меншік иелерінің жауапкершілігі

1. Су шаруашылығы құрылыстарының меншік иелері су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимінің, сондай-ақ бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың сақталуы үшін жауапты болады.

2. Меншік иелерінің су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс режимін, сондай-ақ бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды сақтауын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

4) 36-бап мынадай мазмұндағы 19-1), 19-2) және 19-3) тармақшалармен толықтырылсын:

«19-1) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын бекітеді;

19-2) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталатын ұйымдарға қойылатын талаптарды бекітеді;

19-3) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

5) 37-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 28-1), 28-2), 28-3) және 28-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«28-1) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталатын ұйымдарға қойылатын талаптарды әзірлейді;

28-2) ұйымдарды бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттаудан өткізеді;

28-3) бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлерін айқындайтын қағидаларды және бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын әзірлеу қағидаларын әзірлейді;

28-4) бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;» ;

б) 48-баптың 3-тармағының б) тармақшасы «тұлғалардың» деген сөзден кейін «, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздік критерийлерін сақтауын қоса алғанда,» деген сөздермен толықтырылсын;
7) 49 - б а п т а :

1-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган;»;

3-тармақтың екінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы, азаматтық қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, ветеринария саласындағы уәкілетті органдар, карантиндік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган және жергілікті атқарушы органдар:» ;

8) 54-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы және 5-тармағы алып тасталсын;

9) 55-баптың 2-тармағындағы «қайта жаңғырту», «жаңарту», «тарату», «зерделеу», «санитарлық», «өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «реконструкциялау», «жаңғырту», «жою», «зерттеу», «санитариялық», «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын;
10) 72 - б а п т а :

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) су объектілерінде және су шаруашылығы құрылыстарында Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға;» ;

16) тармақшадағы «төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарына» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне» деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 84-баптың 1-тармағындағы «санитарлық», «зерделеу», «өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім» деген сөздер тиісінше «санитариялық», «зерттеу», «азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 104-баптың 1-тармағындағы «төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органмен келісім» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын ;

13) 106-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы баптың 1-тармағында көзделген мақсаттар үшін су алу орындарын (пирстер, кіреберістер, жарық нұсқағыштары) таңдауды, оны жайластыруды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті орган және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоятын

шарттарды сақтай отырып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісу бойынша жүзеге асыруға тиіс.»;

14) 111-бап мынадай мазмұндағы 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтармен толықтырылсын:

«3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бөгеттерді декларацияланатын бөгеттерге жатқызу критерийлеріне сәйкес келетін тежеуіш гидротехникалық құрылыстарды бөгеттердің қауіпсіздігі декларациялаусыз пайдалануға тыйым салынды .

4. Бөгеттің қауіпсіздігі декларациясын (бұдан әрі – декларация) әзірлеуді бөгетті пайдаланатын ұйым дербес не оның қаражаты есебінен бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған бөгде ұйым жүзеге асырады .

5. Декларация бөгеттердің қауіпсіздігі саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына уәкілетті орган аттестаттаған ұйымда өтініш беруші ұйымның қаражаты есебінен сараптамадан өткізілуге тиіс .

6. Декларацияның тіркеу шифрын беру үшін өтініш беруші уәкілетті органға электрондық құжаттар нысанындағы өтініш пен декларацияны сараптама қорытындысының көшірмесімен бірге ұсынады .

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттарды қарап, декларацияны тіркеу туралы шешім қабылдайды не дәлелді бас тартуды береді .

Уәкілетті орган тіркеген декларация уәкілетті органда электрондық құжат нысанында сақталады .

7. Бөгеттер және бөгеттердің қауіпсіздігі декларациясын тіркеген ұйымдар тізбесі уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады .

8. Бөгеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге әсер ететін шарттар өзгерген жағдайда декларация өзгертілуге жатады .

Декларацияға өзгерістер енгізілген кезде өзгерістер енгізілгеннен кейін үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде оған қайта сараптама жүргізілуге және ол тіркелуге тиіс.»;

15) 116-баптың 2-тармағындағы «санитарлық», «төтенше жағдайлар саласындағы» деген сөздер тиісінше «санитариялық», «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

16) 120-баптың 5-тармағындағы «кен», «зерделеу», «санитарлық», «өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы» деген сөздер тиісінше «тау-кен» «зерттеу», «санитариялық», «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

17) 122-баптың 1-тармағындағы «санитарлық», «аймақтарда – төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті органмен келісім» деген сөздер тиісінше «санитариялық», «өңірлерде – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу» деген сөздермен ауыстырылсын ;

18) 125-баптың 3-тармағының екінші бөлігіндегі «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы», «жүретін» деген сөздер тиісінше «

азаматтық қорғау саласындағы», «қатынайтын» деген сөздермен ауыстырылсын.

4. 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 1, 1-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 11-12, 55-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 24, 146-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 16, 129-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 3, 27-құжат; № 8, 64-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 10-құжат):

1) 1 8 - б а п т а :

1-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың құзыреті Қазақстан Республикасының жер, су, орман заңнамасында, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, ветеринария, өсімдіктер карантині, атом энергиясын пайдалану, радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану, азаматтық қорғау, өсімдіктерді қорғау туралы заңнамасында белгіленеді.» ;

2) 112-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган;»;

3) 145-2-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет азаматтық қорғаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесінің құрамына кіреді және өз қызметін төтенше жағдайларда Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.» ;

4) 174-баптың 3-тармағындағы «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салаларындағы» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

5) 199-1-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі «санитарлық», «қауіпті өндірістік объектілердегі өнеркәсіптік қауіпсіздік салаларындағы» деген сөздер тиісінше «санитариялық», «саласындағы, азаматтық қорғау туралы» деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 238-баптағы «орган мен өртке қарсы күрес қызметі органдарының» деген сөздер «органның» деген сөзбен ауыстырылсын ;

7) 268-баптың 6-тармағының бірінші сөйлеміндегі «табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы сараптамадан және Қазақстан Республикасының жер қойнауын зерттеу мен» деген сөздер «өнеркәсіптік қауіпсіздік

сараптамасынан және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын»
деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 2 8 9 - б а п т а :

3-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі шаралар;»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қауіпті қалдықтар паспортында қауіпті қалдықпен байланысты, оның ішінде тасымалдау және тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу уақытындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарының алдын алу және оларды жою жөніндегі қажетті шаралар көрсетіледі.».

5. 2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 9, 65-құжат; № 19, 147-құжат; № 20, 152-құжат; № 24, 178-құжат; 2008 ж., № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 9-10, 50-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 122, 134-құжаттар; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 10, 48-құжат; № 24, 146, 148-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 128-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 41-құжат; № 6, 45-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 123-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 3, 15-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 15, 78, 81-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат):

1) 2 5 6 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

«төтенше жағдайлар саласындағы» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы»
деген сөздермен ауыстырылсын;

«азаматтық қорғанысты басқару органдары мен» деген сөздер «азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 322-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «әскерилендірілген авариялық-құтқару бөлімдері» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы әскерилендірілген және өзге де мамандандырылған кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 323-баптың 2-тармағы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«2) қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне;»;

4) 3 2 5 - б а п т а :

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қауіпті өндірістік объектілерде болған жазатайым оқиғалар кезінде комиссия құрамына өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспектор кіреді.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде болған жазатайым оқиғалар кезінде қауіпті өндірістік объектідегі аварияның салдарынан үш адамға дейін қайтыс болған жағдайда азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің өкілі арнайы тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Бұл жағдайда мемлекеттік еңбек инспекторы комиссия мүшесі болып табылады.»;

8-тармақтағы «нәтижесінде», «авариялық-құтқару бөлімшесі» деген сөздер тиісінше «салдарынан», «авариялық-құтқару қызметі немесе құралымы» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 326-баптың 6-тармағының бірінші бөлігінде: «өнеркәсіп объектілерінде» деген сөздер «өндірістік объектілерде» деген сөздермен ауыстырылсын;

«төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі» деген сөздер «өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қадағалау жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 21, 93-құжат; 2009 ж., № 23, 112-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 29, 32-құжаттар; № 15, 71-құжат; № 24, 146, 149, 150-құжаттар; 2011 ж., № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 7, 54-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 115-құжат; № 15, 125-құжат; № 16, 129-құжат; № 20, 151-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 16-құжат; № 3, 21-құжат; № 4, 30, 32-құжаттар; № 5, 36, 41-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 94-құжат; № 18-19, 119-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 13-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 63-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 20, 113-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 10, 12-құжаттар; 2014 жылғы 15 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 19 - бапта:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

«1-1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерв;»;

6-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен ақша бөлу қаржы жылы аяқталғаннан кейін күшін жоятын, тиісінше Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулыларымен, сондай-ақ азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның құқықтық

актілерімен ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық немесе жергілікті бюджеттерде бекітілген көлем шегінде жүзеге асырылады.»;

2) 20-бап мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз етуге арналған резерв төтенше жағдайлар аймақтарында, эвакуациялау маршруттарында және эвакуацияланатын адамдар орналасқан жерлерде адамдардың өмірін сақтауға және денсаулығын қолдауға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру үшін пайдаланылады.»;

3) 53-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының оныншы және он бірінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«азаматтық қорғау және әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы қызметті ұйымдастыру;

жаһандық, өңірлік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;»;

4) 54-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;»;

5) 55-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;»;

6) 56-баптың 1-тармағы 2) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жергілікті ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;»;

7) 79-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің жалпы сомасын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері мен резерв түрлері бойынша бөлу;»;

8) 111-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервтері қаражатының жалпы көлемін қайта бөлу арқылы тиісті резервтің жоспарлы мақсаттарын ұлғайту үшін резерв түрлерінің біріне көзделген қаражат жеткіліксіз болған;».

7. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-

құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; 2014 жылғы 15 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 66-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 5) тармақшасы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«5) сатып алушылар бойынша азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резерв саласындағы құрылымдық бөлімшесі жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттары;»;

2) 256-баптың 2-тармағы 11) тармақшасының бірінші бөлігі мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«11) осы тармақшаның ережелерін ескере отырып, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резерв саласындағы құрылымдық бөлімшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жазып берген мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығару құжаттарында к ө р с е т і л г е н ; » ;

3) 270-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 256-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында көзделген жағдайларда, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның мемлекеттік материалдық резерв саласындағы құрылымдық бөлімшесі өзінің мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар шығаруға жазып берілген құжаттар тізілімін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен, мерзімде және нысан бойынша табыс етеді.»;

4) 278-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 279-бабы бірінші бөлігінің 5) – 7) тармақшаларында көрсетілген, Қазақстан Республикасының аумағында тәркіленген, иесіз, мұрагерлік құқығы бойынша мемлекетке өткен және мемлекет меншігіне өтеусіз берілген акцизделетін тауарларды өткізуді жүзеге асыратын, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын салуды және шығаруды жүзеге асыратын уәкілетті

мемлекеттік органдар акциздерді төлеушілер болып табылмайды.».

8. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 20-21, 89-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 32-құжат; № 15, 71-құжат; № 24, 149, 152-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 17, 136-құжат; № 21, 161-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 83-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар, № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; № 7, 36-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; № 16, 83-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

1) 12-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Апаттар медицинасы саласындағы мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарын үйлестіруді және олардың өзара іс-қимылын азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.»;

2) 33-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы «төтенше жағдайлар жөніндегі органдарға» деген сөздер «азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға» деген сөздермен ауыстырылсын.

9. «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлері туралы» 1992 жылғы 23 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., № 11-12, 290-құжат; № 24, 592-құжат; 1993 ж., № 8, 179-құжат; 1995 ж., № 1-2, 17-құжат; № 23, 155-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; № 13-14, 205-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 20, 257-құжат; № 24, 336-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 155-құжат; 2007 ж., № 15, 107-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 5, 41-құжат; 2013 ж., № 2, 8-құжат; № 14, 72-құжат):

1) 2-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы «төтенше жағдайлардың (дүлей зілзалалардың, ірі авариялар мен апаттардың) зардаптарын» деген сөздер «төтенше жағдайларды (дүлей зілзалаларды, ірі авариялар мен апаттарды)» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 13-баптың екінші абзацындағы «төтенше жағдайлардың зардаптарын» деген сөздер «төтенше жағдайларды» деген сөздермен ауыстырылсын;

